



22.12.2025 № 2-08-25-01784

101301, Караганда облысы, Сәтбаев қаласы,
Сәтбаев даңғылы, 131А, тел./факс: 8 (71063) 3-47-91, 3-45-96
www.krg.prokuror.kz

101301, Карагандинская область, город Сатпаев,
проспект Сатпаева, 131А, тел./факс: 8 (71063) 3-47-91, 3-
45-96
www.krg.prokuror.kz

Сәтбаев қаласының
Экономика және
қаржы бөлімі

НАРАЗЫЛЫҚ

№15799401-2 ашық конкурсына

Сәтбаев қаласының прокуратурасы мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталуына талдау жүргізді.

Талдаумен 2025 жылғы 17 желтоқсанда жалпы мемлекеттік сатып алу веб-порталында Бірыңғай ұйымдастырушы «Сәтбаев қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-мен (бұдан әрі – Бірыңғай ұйымдастырушы) сомасы **757 220 714 теңге** құрайтын «Автомобиль жолдарын күтіп ұстау» жұмысын ашық конкурс тәсілімен №15799401-2 хабарландырудың жарияланғадығы анықталды.

Ашық конкуре «Мемлекеттік сатып туралы» Заңның (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 1-бөлігінде көзделген мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы қағидатына қайшы келеді.

Атап айтқанда, «Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің » сыныптамасының (Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 56 бұйрығымен бекітілген) (бұдан әрі - Сыныптама) 2-тармағы 8)-тармақшасына сәйкес автомобиль жолын ағымдағы жөндеу – маршруттық тәсілмен орындалатын бұзылған телімдерді жөндеу жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, жыл бойы жүргізілетін апаттық жағдайлардың, автомобиль жолдарындағы ақаулардың туындауының алдын алу, сондай-ақ автомобиль жолын шұғыл калпына келтіру және жөндеу тәртібімен орындалатын жұмыстар кешені.

Сыныптаманың 33 тармағы 2-тарақшасына сәйкес шөгінділерді бітеу автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарда ағымдағы жөндеу кезінде орындалатын жұмыстарға жатады.

Аталған заңдылықты бұзушылықтар жойылмайтын болып табылады және мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы қағидаттарын бұзуға байланысты ашық конкурстың күшін жоюға әкеп соғады.

«Прокуратура туралы» Конституциялық заңның (бұдан әрі – Конституциялық заң) 32-бабының 2-тармағына сәйкес прокурорлық қадағалау актісі енгізілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы, орындауы үшін міндетті және прокурор ұсыну қаралған кезде қатысуға құқылы.

Конституциялық заңның 33-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес прокурордың наразылығы тиісті органның немесе лауазымды адамның қарауына жатады. Назылықты қарау нәтижелері туралы прокурорға жазбаша нысанда дереу хабарланады. Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын уақыты мен орны туралы прокурорды хабарлар етуге міндетті.

Прокуратура актілерін қарамау, сол сияқты тиісінше қарамау, орындамау не прокурордың заңды талаптарын орындамау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 664, 666-баптарында және Қылмыстық кодекстің 381-бабында көрсетілген жауаптылыққа әкеп соғады.

Жоғарыдағылардың негізінде, Конституцияның 83-бабын және Конституциялық заңның 33-бабын басшылыққа алып,

ТАЛАП ЕТЕМІН:

1. Мемлекеттік сатып алу бойынша сомасы **552 995 382 теңгені** құрайтын №15896431-1 ашық конкурстың күшін жоюды және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруді.

2. Назылықты күнтізбелік **он күн ішінде** қарап, оның қарау нәтижелері туралы қала прокуратурасына жазбаша нысанда дереу хабарлауды.

Сәтбаев қаласының прокуроры

Е. Баймағамбетов



13.01.2026 № 2-08-26-00027

101301, Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласы,
Сәтбаев даңылы, 131А, тел./факс: 8 (71063) 3-47-91, 3-45-96
www.krg.prokuror.kz

101301, Қарағанды облысы, город Сатпаев,
проспект Сатпаева, 131А, тел./факс: 8 (71063) 3-47-91, 3-
45-96
www.krg.prokuror.kz

**Сәтбаев қаласының
Экономика және
қаржы бөлімі**

НАРАЗЫЛЫҚ

№15896431-1 ашық конкурсына

Сәтбаев қаласының прокуратурасы мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталуына талдау жүргізді.

Талдаумен 2025 жылғы 9 қаңтарда жалпы мемлекеттік сатып алу веб-порталында Бірыңғай ұйымдастырушы «Сәтбаев қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-мен (бұдан әрі – Бірыңғай ұйымдастырушы) сомасы **552 995 382 теңге** құрайтын «Автомобиль жолдарын күтіп ұстау» жұмысын ашық конкурс тәсілімен №15896431-1 хабарландырудың жарияланғандығы анықталды.

Ашық конкурс «Мемлекеттік сатып туралы» Заңның (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 1-бөлігінде көзделген мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы қағидатына қайшы келеді.

Заңның 11-бабы 3-тармағының 2-тармақшасына сәйкес шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Алайда, конкурс құжаттарын зерделеу барысында Бірыңғай ұйымдастырушымен аталған заңнама талаптары бұзылып, әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарында сметалық құжаттарда қарастырылмаған тротуарды сыпыру және жинау машиналары-3, сыпырғыш-қоқыс жәшігінің сыйымдылығы 500л кем емес жинау машинасы-1, жүк көтергіш 1 тоннадан аспайтын негізгі тиеу шөміші бар жиынтықтағы доңғалақ жүрісіндегі шағын тиегіш-2, шнекторлы қар тиегіш, бункердің көлемі 1 м3 кем емес пгм тіркеме құм таратқыш-1, қар тиегіш табан-1, аралас жол машинасы-2, орташа типті автогрейдер-3 көрсетілген.

Сыныптаманың 32-тармағы 1-тармақшасына сәйкес автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды ағымдағы жөндеу **ақаулар тізімдемесі** бойынша жолдарды тексеру нәтижелері негізінде қаржыландыру нормативтеріне сәйкес оларға бөлінген қаражат шегінде жоспарланады.

Алайда, конкурс құжаттарын зерделеу барысында Бірыңғай ұйымдастырушымен аталған заңнама талаптары бұзылып, сметалық құжаттарда жұмысты орындау үшін жалпы аумағы 2 мың м² «Көктемнің ерте кезеңінде жүру бөліктеріндегі **шөгінділерді бітеу**» жұмыстары көрсетілген.

Бұл ретте аумағы 2 мың м² автомобиль жолдарына ағымдағы жөндеу қажет екені туралы **ақаулар тізімдемесі жоқ**.

Сонымен қатар, Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын) жасаған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді біртекті түрлері және беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті.

Осыған қарамастан конкурс құжаттарында жұмыстардың орындау орны бойынша деректер көрсетілмеген.

Бұдан бөлек, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі қолданысқа енеді (2025 жылғы 18 шілдеде Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды).

Жаңа Салық кодексінің өзгерістеріне сәйкес қосылған құн салығы **16%**-ға дейін көтеріледі.

Осыған қарамастан, заң талаптарының бұл өзгерістерін ескермей конкурстың сметалық құжаттарында қосылған құн салығы **12%**-бен есептелгені анықталды.

Аталған заңдылықты бұзушылықтар жойылмайтын болып табылады және мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы қағидаттарын бұзуға байланысты ашық конкурстың күшін жоюға әкеп соғады.

«Прокуратура туралы» Конституциялық заңның (бұдан әрі – Конституциялық заң) 32-бабының 2-тармағына сәйкес прокурорлық қадағалау актісі енгізілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы, орындауы үшін міндетті және прокурор ұсыну қаралған кезде қатысуға құқылы.

Конституциялық заңның 33-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес прокурордың наразылығы тиісті органның немесе лауазымды адамның қарауына жатады. Назылықты қарау нәтижелері туралы прокурорға жазбаша нысанда дереу хабарланады. Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын уақыты мен орны туралы прокурорды хабардар етуге міндетті.

Прокуратура актілерін қарамау, сол сияқты тиісінше қарамау, орындамау не прокурордың заңды талаптарын орындамау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 664, 666-баптарында және Қылмыстық кодекстің 381-бабында көрсетілген жауаптылыққа әкеп соғады.

Жоғарыдағылардың негізінде, Конституцияның 83-бабын және Конституциялық заңның 33-бабын басшылыққа алып,

ТАЛАП ЕТЕМІН:

1. Мемлекеттік сатып алу бойынша сомасы **757 220 714 теңгені** құрайтын №15799401-2 ашық конкурстың күшін жоюды және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруді.

2. Наразылықты күнтізбелік **он күн ішінде** қарап, оның қарау нәтижелері туралы қала прокуратурасына жазбаша нысанда дереу хабарлауды.

Сәтбаев қаласының прокуроры

Е. Баймағамбетов

ГУ «Аппарат акима города Сатпаев области Улытау» АСыздыманов А.С